

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



ЖАС ҒАЛЫМДАР КЕҢЕСІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016» атты
XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»

PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»

2016 жыл 14 сәуір
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2016»
атты ХІ Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
ХІ Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір

Астана

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

Ғ 96

Ғ96 «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: [http://www.enu.kz/ru/nauka/ nauka-i-obrazovanie/](http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/), 2016. – б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-764-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

ISBN 978-9965-31-764-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

Ұлттық банктің таза халықаралық резервтері өткен айда 3,3%-ға төмендеп, 26,103 млрд долларды құрады. [1]

Бүгінде әлемде пайдаланылып келе жатқан резервтік валюталардың бірде-бірі тауарлар мен қызметтердің шынайы құнын нақты бағалай да, өлшей де алмайды. Дүниежүзілік валюта – доллар да ақаулы, оны Елбасы Н.Назарбаев бейнелі түрде “ақаулы капитал”, «дефектал» деп атаған. [4] Соңғы жүз жылда доллар он еседен астамға құнсызданған. Бұл үрдіс соңғы жылдары үдей түсті. «Жаңа әлемдік валюта» құруды Елбасы Н.Ә.Назарбаев ұсынған болатын, сондықтан Қазақстан есімі әлемдік тарихта біртұтас ғаламдық ақша идеясын ұсынған ел ретінде сақталмақ. Осыған байланысты Халықаралық валюта қоры (ХВҚ) қытайлық юаньді резервтік валюта қатарына 2015 жылы 5-ші резервтік валютасы ретінде ресми тіркеуге шешім қабылданды. Қор юань негізінде өзінің есептесу бірлігін құратын болады. Қытай Қазақстан үшін – аса ірі сауда-саттық серіктес. Бұл Қазақстан үшін тиімді. Долларсыздандыру саясатын жүргізуде жаңа көмекші пайда болмақ. *Әлемдік қаржы операцияларындағы Юаньнің орны келесідей: валюталық резерв 30 пайыз. Экспорттық үлес 13 пайыз және қаржылық ағымдар 2 пайыз. Қытай валютасын Қазақстанмен арадағы сауда-саттықта былтыр қазан айынан бастап қолданыла бастады. 265 операция жасалып, жалпы сомасы 1.39 млрд теңгені құрады.* Қытайдың «Жібек жолы» стратегиялық жобасы біздің елді де қамтиды. Демек, көрші елдің қыруар капиталын инвестиция және сауда негізінде нарыққа тарту біз үшін таптырмас мүмкіндік.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. www.nationalbank.kz.
2. <https://strategy2050.kz>.
3. www.business.gov.kz.
4. <http://group-global.org>.

УДК 336.13

ЗЕЙНЕТАҚЫ НАРЫҒЫНЫҢ ҚАЗІРГІ ТАҢДАҒЫ ЖАҒДАЙЫ

Керімбекова Ақерке Нұрбекқызы

kerimbekovaakerke@gmail.com

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан

Экономика факультеті «Қаржы» мамандығының 2 курс студенті

Ғылыми жетекшісі – Слямова Б.И.

Бүгінгі таңда Қазақстанның зейнетақы нарығы – елдің әлеуметтік – экономикалық жүйесінде ең серпінді дамып келе жатқан нарық. Олардың ішінде: еңбектен кейінгі кезеңде қалыпты өмір жағдайын қамтамасыз ету үшін зейнеткерлердің жинақ қаражаттарының жеткіліксіздігі, гендерлік проблемалардың (өмір ұзақтығының әр түрлілігі, еңбек ақысындағы соның салдарынан еркектер мен әйелдердің зейнетақы мөлшеріндегі теңсіздік); өндірістік мүгедектік және т.б. проблемалардың шешімін таппауы сонымен қатар мемлекет пен зейнетақымен қамсыздандыру проблемаларын жетілдіру шаралары қарастырылуда. Мемлекет зейнетақымен қамсыздандырудың механизмдерін жетілдіру жолында түрлі шараларды қарастырып жатыр [1, 146 бет]. Мысалы, 2004 жылдан бастап зейнетақыға жинақталған қаражаты жеткілікті адамдардың 55 жасында зейнетақыға шығуына құқық беретін зейнетақы аннуитеті ұғымы енгізілді.

Қазақстанның зейнетақы рыногының құрылымына мыналар жатады:

- Мемлекеттік зейнетақы төлеу орталығы (ЗТМО);
- Жинақтаушы зейнетақы қорлары;
- Кастодиан - банктер;
- ЗАИБЖАҰ;

- Мемлекеттік емес жинақтаушы зейнетақы қоры;
- Мемлекеттік жинақтаушы зейнетақы қоры.

Қазіргі кезде міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарт жасау, өзгерту немесе тоқтату тәртібін қамтитын БЖЗҚ зейнетақы қағидалары әзірленуде және БЖЗҚ мен зейнетақы жинақтары салымшыларының (алушыларының) құқықтары, міндеттері мен жауапкершілігі белгіленеді.

Жинақтаушы зейнетақы қорлары өз активтерін жеткілікті түрде диверсификациялай алмайды. 2013 жылы зейнетақы активтерінің 87%-ы Қазақстанда, оның ішінде жартысына жуығы мемлекеттік құнды қағаздарға салған. Шетелдік активтер 9%-ды құрайды. Қолданыстағы нормативтік құқықтық актілер бойынша ЖЗҚ активтерінің кемінде 20%-ы мемлекеттік құнды қағаздарға салынуы керек болатын, ал шетелде активтердің 40%-ына дейін орналастыруға болады. ЖЗҚ тым сақтыққа барып, мемлекеттік құнды қағаздардағы жинақтарды Қазақстанның ішінде ғана инвестициялады. Тәуекелдің аз екені түсінікті, соған сәйкес табыстылығы да төмен. Осыған байланысты зейнетақы активтерінің инвестициялық табыстылығын арттыру үшін мыналар іске асырылды:

1) Инвестициялық стратегияға сәйкес келетін мемлекетіне, активтердің класы мен валютасына қарай БЖЗҚ түрлі портфельдерін қалыптастыру бойынша ҚР Президентінің жанындағы зейнетақы активтерін басқару жөніндегі кеңесті белгілеу шаралары қабылданатын болады.

2) Ішкі, сыртқы инвестициялық портфельді басқарушылары қамтамасыз етуге тиісті зейнетақы активтерінің инвестициялық табыстылығының деңгейін Ұлттық банк айқындайтын болады. Бұл ретте инвестициялық портфельді басқарушы ұйымдар конкурстық негізде сайланады.

Зейнетақы активтері мен табыстылығы туралы Елбасы 2015жылғы 30 қарашадағы «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» атты Қазақстан халқына Жолдауында да тоқталып өтті. «2016 жылы зейнетақы активтері қазақстандық немесе шетелдік компаниялардың басқарылуына берілуі тиіс. Және зейнетақы жинақтарының табыстылығын арттыру мақсатында зейнетақы қорларының инвестициялық тәсілдерін қайта қарау қажет. Ұлттық қорды қалай басқарсақ, зейнетақы қорында солай басқару қажет. Және бизнесті несиелендіру үшін зейнетақы жинақтарын жұмсауды тоқтату керек. Бұл ақшалар тек бюджетті толтыру үшін пайдаланылуы мүмкін. Ал бизнес үшін бізге халықаралық қаржы институттары беретін қаражат жеткілікті. Зейнетақы жинақтарының халыққа абсолютті болуын қамтамасыз етуге келісейік», - деп, зейнетақы қоры есебінен бизнеске несие беруді тоқтату керектігін атап өтті.

Зейнетақы активтері жинақтаушы зейнетақы қорлардан зейнетақы төлемдерін қамтамасыз етуге және төлеуге арналады. Зейнетақы активтерін инвестициялау нәтижесінде ЖЗҚ инвестициялық табыс алады. 2014 жылы зейнетақы активтерінің табыстылығы 6,31%-ды құрады. 2013 жылы бұл көрсеткіш 2,2% болатын. Осылайша, БЖЗҚ жылдық табыстылығы жекеменшік зейнетақы қорларының соңғы 4 жыл бойғы орташа жылдық табыстылығынан асып түсті. Зейнетақы жинақтарының мөлшері 2014 жылы 784,4 млрд. теңгеге немесе 21,0%-ға ұлғайып, 2015 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 4517,8 млрд теңгені құрады.[3]

2015 жылғы 1 қаңтарда БЖЗҚ жиынтық инвестициялық портфелінің негізгі үлесін бұрынғыша, Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары мен Қазақстан Республикасы эмитенттерінің корпоративтік бағалы қағаздары иеленеді (45,3%-ы және тиісінше, былтырғы осыған ұқсас күнге БЖЗҚ инвестицияланған зейнетақы активтерінің жалпы көлемінің 31,4%-ы).

2010 жылғы мәліметтер бойынша құнды қағаздар нарығының 15 пайызы немесе 2 триллион теңгесі жинақтаушы зейнетақы жүйесінің үлесінде. Зейнетақы жүйесінің 11 пайызы акция, 36 пайызы облигация. Зейнетақы нарығындағы қаражаттың 88 пайызы Қазақстанда инвестицияланған. Жалпы республикадағы зейнетақы нарығының дамуы өткен 2005-2010 жылдарда орта есеппен 30 миллиард теңгеге дамыса, алдағы 5 жылда ол 1,8

триллион теңгеге дейін жетуі мүмкін деп болжамданған болатын. Бұл бұған дейінгі 9 жылда қалыптасқан нарықтың көлемімен тең.[2]

2015 жылғы 1 қаңтарда БЖЗҚ міндетті жарналарын, міндетті кәсіби жарналары мен ерікті зейнетақы жарналарын таруды жүзеге асыратын жалғыз ұйым болып табылады. Зейнетақы жинақтарының мөлшері 2014 жылы 784,4 млрд. теңгеге немесе 21,0%-ға ұлғайып, 2015 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 4517,8 млрд теңгені құрады.

Кесте 1 - Қор көрсеткіштерінің динамикасы

№	Көрсеткіштері	01.12.2015 ж.	01.01.2016 ж.
1.	Міндетті зейнетақы жарналары бойынша салымшылар саны	9 675 408	9 685 698
2.	Ерікті зейнетақы жарналары бойынша салымшылар саны	40 083	40 060
3.	Зейнетақы жинақтары (мың теңге)	5 643 350 631	5 828 234 431
4.	Жыл басынан бергі зейнетақы жарналары (мың теңге)	618 862 581	688 835 063
	оның ішінде:		
	МЗЖ бойынша	590 116 846	657 567 255
	ЕЗЖ бойынша	122 187	134 677
	МКЗЖ бойынша	28 623 548	31 133 131
5.	Активтер (мың теңге)	75 016 685	74 839 939

2016 жылдың 1 қаңтарындағы көрсеткіштер бойынша зейнетақы жинақтарының жалпы сомасы 5,83 трлн теңгені құрады. 2015 жылы 12 ай ішінде келіп түскен міндетті зейнетақы жарналары 657,6 млрд теңгені құрады. 2015 жылы БЖЗҚ тапқан және салымшылардың IRS (алушылардың) бөлінген инвестициялық табысы 761,40 млрд теңгені құрады. Осылайша, 2015 үшін зейнетақы активтерінің табыстылығы БЖЗҚ 13,6% инфляция бірге 15.65% -ды құрады.[2]

Жинақтаушы зейнетақы қорлары салымшылардың міндетті жарналарын жинауды жүзеге асырады және оларды әр түрлі бағалы қағаздарға айналдырады, осылайша қордың инвестициялық портфелін қалыптастырады. 2016 жылы ақпанда Бірінғай Жинақтаушы Зейнетақы қорынан (БЖЗҚ) 1 триллион 450 миллиард теңге түрлі салаларды инвестициялауға жіберілді. БЖЗҚ бірқатар екінші деңгейлі банктермен және кейбір банк операцияларын жүргізетін ұйымдармен шарттар жасасты. Шарт жасалған мына банктермен банк операцияларының кейбір түрлері жүзеге асырылады: «БТАБанк» АҚ Алматы филиалы; «Темірбанк» АҚ; «Альянс банк» АҚ; «Delta Bank» АҚ; «Цеснабанк» АҚ; «Қазақстан Халық банкі» АҚ; «Банк ЦентрКредит» АҚ және «Қазпошта» АҚ. 2011 жылғы 1 қаңтарда міндетті зейнетақы жарналары бойынша салымшылар шоттарының ең көп саны 4 қорда жинақталды: «Қазақстан Халық Банкі» -25,7% , «МЖЗҚ» -22,4% , «Ұлар Үміт» - 13,9% , «БТА Қазақстан» - 9,7%.

Бүгінгі күні ҚР Парламентіне жинақтаушы зейнетақы жүйесінің институционалдық базасын дамытуды көздейтін «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» және «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне зейнетақымен қамсыздандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобалары енгізілді. Қазіргі таңда зейнетақы нарығына өзгерістер енгізу жөнінде бірқатар жұмыстар жүзеге асырылуда. Мысалы зейнетақы төлемдеріне байланысты өзгерістер. 2016 жылы БЖЗҚ бойынша зейнетақы төлемдерін алу тәртібі «Зейнетақымен қамсыздандыру мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы», «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» ҚР Заңына енгізілген түзетулерге сәйкес Қазақстан Республикасының Заңында өзгерді. Жаңа заң бойынша МЗЖ және МКЗЖ есебінен

зейнетақы төлемдерін алу құқығы БЖЗҚ зейнетақы жинақтары бойынша: ерлердің зейнетке шығу жасы – 63, әйелдер - 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап - 58,5 жасқа толғанда;

- 2019 жылғы 1 қаңтардан бастап - 59 жасқа толғанда;
- 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап - 59,5 жасқа толғанда;
- 2021 жылғы 1 қаңтардан бастап - 60 жасқа толғанда;
- 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап - 60,5 жасқа толғанда;
- 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап - 61 жасқа толғанда;
- 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап - 61,5 жасқа толғанда;
- 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап - 62 жасқа толғанда;
- 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап - 62,5 жасқа толғанда;
- 2027 жылғы 1 қаңтардан бастап 63 жасқа толғанда жүргізіледі.[2]

Енгізілген өзгерістер жинақтаушы зейнетақы қорларының салымшылардың зейнетақы шоттарын есепке алу және олардың зейнетақы активтерін инвестициялау жөніндегі функцияларын бөлуді көздейді. Салымшылардың зейнетақы шоттарын басқаруды жүзеге асыру үшін мемлекеттік бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры құрылатын болады. Оның міндетіне мыналар кіреді:

- салымшылардың зейнетақы шоттарын тиісті түрде есепке алу, олардың жай-күйін бақылау, салымшылардың жағдайларына (кетуі, зейнет жасына жетуі, қайтыс болуы және т.б.) байланысты уақытылы өзгерістер енгізу және зейнетақы жарналарын жүзеге асыру;
- зейнетақы активтерін, зейнетақы төлемдерін инвестициялау және т.б. мәселелері бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізу;
- зейнетақы активтерінің инвестициялық табыстылығына мониторинг жүргізу.

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне зейнетақымен қамсыздандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңның қабылдануына байланысты Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры (БЖЗҚ) қызметінің негізгі функциялары мен қағидаттары өзгерген жоқ. Қор бұрынғысынша 10 пайыз көлеміндегі міндетті зейнетақы жарналарын (МЗЖ), 5 пайыз көлеміндегі міндетті кәсіби зейнетақы жарналарын (МКЗЖ) қабылдайды. Олар салымшылардың жекеменшігі болып табылады, олардың есебі жеке-жеке жүргізіледі және бұл қаржының қорғалуы бойынша мемлекеттік кепілдік сақталады. Сонымен бірге, 2018 жылдың 1 қаңтарынан жаңа шартты-жинақтаушы құрамдауыш, 5 пайыз көлеміндегі жұмыс берушілердің міндетті зейнетақы жарнасы (ЖМЗЖ) енгізіледі. Оның пайдалы ерекшеліктері бар.

Жалпы алғанда, бұл өзгерістер зейнетақы төлемдерінің сайма-сайлығын арттыруға және зейнетақы жүйесінің қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз етуге бағытталған. Жаңадан енгізілген бұл өзгерістер мемлекет, жұмыс істеуші және жұмыс беруші арасында зейнетақымен қамтамасыз ету жауапкершілігін жүктейді. Жаңғырған зейнетақы жүйесі көпсатылы сипат алады және қаржыландырудың әртүрлі көздеріне ие болады.

Бірінші саты – екі компоненттен құралған бюджет есебінен берілетін зейнетақы. Бұл 1998 жылдың 1 қаңтарына дейінгі жағдай бойынша кемінде алты ай жұмыс өтілі бар адамдарға төленетін ортақ зейнетақы, сонымен бірге, 2017 жылдан бастап көлемі еңбек өтіліне байланысты болатын базалық зейнетақы.

Екінші саты – бұл да бірнеше компоненттен тұратын БЖЗҚ-дағы жұмыс істеушінің және жұмыс берушінің жарналарынан құралатын жинақтаушы зейнетақы. Біріншіден, бұл – біздің барлығымыз 1998 жылдан бастап төлей бастаған жұмыс істеушінің ай сайынғы кірісінің 10 пайызы көлеміндегі МЗЖ. Екіншіден, 2014 жылдан бастап зиянды өндірісте еңбек ететін жұмыс істеушілерге жұмыс беруші өз есебінен төлейтін 5 пайыз көлеміндегі МКЗЖ. Үшіншіден, 2018 жылдан бастап жұмыс беруші өзінің барлық қызметкерлерінің шартты зейнетақы есепшотына аударатын жаңа 5 пайыз көлеміндегі жұмыс берушілердің міндетті зейнетақы жарнасы (ЖМЗЖ).

Үшінші саты – ерікті жинақтар. Қазіргі уақытта ерікті зейнетақы жарналары Қазақстанда танымал емес. Мысалы, 2016 жылы 1 наурызда БЖЗҚ ерікті аударымдар туралы

келісім-шарттар саны 40 мыңға жуық болды. Ерікті зейнетақы жарналары зейнетақы капиталын қаржыландыру тәсілдерінің бірі болып табылады. Сонымен қатар, ерікті жарналарды туыстар мен достардың пайдасына төлем аударуға болады және де ерікті зейнетақы жинақтарының артықшылығы зейнетақы жинағын жалпы қабылданған зейнеткерлік жасынан әлдеқайда ерте алуға болады, қазірдің өзінде әйелдер-50 жас, ерлер-55 жас. Ағымдағы заңнамалық режим қосарланған салық салу және онымен байланысты қолайсыздықтар қауіпін тудырады. [2]

Біріншіден, үшінші тұлғалардың пайдасына төлем аудару жағдайында салықтан шегеру қарастырылмаған.

Екіншіден, ерікті зейнетақы жарналарын төлеу кезінде қосарланған салықты болдырмау үшін, салымшыға тез арада жұмыс берушінің жарналарын аудару туралы хабарлауға және растау құжаттарын қамтамасыз етуі тиіс. Ерікті зейнетақы жинақтарының маңызын түсіну үшін дамыған елдердің зейнетақы жүйелерінің тәжірибесіне жүгінуге тура келеді. Кейбір шет елдер тәжірибесінде ерікті жарналардағы салық ерікті жарналардағы төлемдерді аудару кезінде немесе төлем алған кезде төленеді. Кейбір елдерде, мемлекет жинақталған ерікті қаражатты төлеу кезінде қосымша салық жеңілдіктерін береді. Мысалы, кейбір шет елдерде (Чили, Сингапур, Латвия) жеке табыс салығын төлеу кезінде тек жинақталған табыс есептеледі. Чилиде салымшылардың салымдарының барлық түрлеріне зейнеткерлік жас әйелдерде 60 жастан, ерлер үшін 65 жастан басталады. Сингапурда барлық салымшылар үшін, яғни әйелдер мен ерлер де зейнетке 62 жасында шығады.

Қорытындылай келе, зейнетақы заңнамаларына жаңа түзетулер енгізу қазақстандықтарды зейнетақымен қамтамасыз етудің бүкіл жүйесінің тұрақтылығы мен сенімділігін арттыру болып табылады. Салымшылар бір қордан екіншісіне зейнетақы жинақтарын аудару құқығын белсенді пайдаланады. Бүгінге дейін зейнетақымен қамсыздандыруда жұмыс берушінің қатысуы қарастырылмаған еді. Мемлекет базалық зейнетақы төлемін төлейді, жұмыскер өз табысынан 10 пайызын міндетті зейнетақы жарнасына аударады. Енді 2018-жылғы 1-қаңтардан бастап жұмыс беруші өз есебінен 5 пайыз жарна аударады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Искаков Ұ.М., Бохаев Д.Т., Рузиева Э.А., Қаржы нарығы және делдалдары: Оқулық. – Алматы: Экономика, 2008. – 296 бет.
2. www.enpf24.kz
3. www.nationalbank.kz

УДК 338

ЕЛ ЭКОНОМИКАСЫН ТҰРАҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫНДА САЛЫҚТАРДЫҢ БЕЛСЕНДІЛІГІ

Кәрімжанова Айжан Бауыржанқызы

akbauyrzhankyzy@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан

Экономика факультеті «Қаржы» мамандығының 3 курс студенті

Ғылыми жетекші - э.ғ.к., доцент Бейсенова Л.З.

Кез – келген елдің егемендігінің басы нышандарының бірі – өзіндік салық салу жүйесінің болуы және де ол бірден – бір мемлекеттің қаржы саласындағы реттеу құралы болып табылады. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың: « Салық – мемлекет тұрақтылығының кепілі, » деген сөзі нарық экономиясын қалыптастырушы егеменді ел үшін негізгі ұстаным ретінде қалыптасты.

Халықаралық өркениетті стандарттар мен нарық талаптарына сай келетін, сондай-ақ қоғамдық және мемлекеттік мүдделерге қол жеткізуге жол ашатын әлеуметтік –